

САБАҚ 1 Иса Туралы Оқып-Білейік

Сіз Исаны Кім деп ойлайсыз? Кейбіреулер: «Ол ұлы ұстаз болған», – деп жауап береді. Басқалары: «Ол пайғамбар, философ, Батыстың құдайы немесе біз үлгілі өмірін басшылыққа алатын жақсы адам болған», – дер.

Ол қарапайым ұстаздан, пайғамбардан, философтан немесе бізге үлгі болар адамдардан әлдеқайда жоғары болған. Иса Батыстан келген жоқ; сондықтан біз оны Батыстың Құдайы деп атай алмаймыз.

Иса Таяу Шығыста 2000 жылдан аса уақыт бұрын дүниеге келген. Ол мүсін жасаған мүсінші болмаса да, жауларын жеңген атақты қолбасшы болмаса да, Оның өмірі бүкіл әлемге әсерін тигізді. Көп жылдар бұрын өмір сүргеніне қарамастан, бүгінгі күні миллиондаған адамдардың Оны танитындарын мәлімдеулері – таңғаларлық ақиқат. Олар: «Иса біздің өмірімізді өзгертті және Оның ісі үшін өлімге де даярмыз», – дейді. Сонымен Иса деген Кім?

Бірінші сабақта-ақ біз Исаның кім екендігін біле бастайтын боламыз. Яғни біз Оны жақыннан танып-білудің екі тәсілін қарастырудан бастаймыз.

Сіз осы сабақта келесі тақырыптарды оқып-білесіз

А. Киелі Кітап бізге Исаның Кім екенін көрсетеді.

Ә. Жеке тәжірибелеріміз Исаның Кім екенін көрсетеді.

Осы сабақтың мақсаты

1. Исаның Кім екені жайында Киелі Кітапта айтылғандарға қалай сенім арта алатыныңызды айтыңыз.
2. Жеке тәжірибелерімізден Исаның Кім екенін қалай үйрене алатынымызды талдаңыз.

А. КИЕЛІ КІТАП БІЗГЕ ИСАНЫҢ КІМ ЕКЕНІН КӨРСЕТЕДІ

Мақсат 1. Исаның кім екені туралы Киелі Кітапта айтылғандарға қалай сенім арта алатыныңызды айтыңыз.

Киелі Кітаптың ақиқаттығы

Исаның Кім екенін білу үшін Оның өмірі мен тәлімдері туралы шынайы мәлімет бере алатын кітапқа, яғни Киелі Кітапқа көңіл бөлейік. Киелі Кітап – шамамен отыз бес-қырық адам жазған алпыс алты кітаптың жинағы.

Киелі Кітаптың авторлары әр түрлі кәсіппен айналысқан. Олар шаруалар, бақташылар, фермерлер, балықшылар, пайғамбарлар, діни қызметкерлер, дәрігерлер, ғалымдар, шенеуніктер болды, тіпті араларында патшалар болды.

Олар ұзақтығы 1600 жылға жуық уақыт аралығында, әр түрлі кезеңдерде өмір сүрді. Төменде олардың ортақ қасиеттері сипатталған:

1. Олардың барлығы Яһуә деп аталған Әлемді Жаратушы бір Құдайға табынды.
2. Олардың әрқайсысына Құдай ашылып, оларға бүкіл адамзатқа арнаған сөздерін берді.
3. Олардың бәрі Құдай өздеріне жаз деп бұйырғанның бәрін жазды.

Өткен заман оқиғаларын, болашақтың болжамдарын және әрбір дәуірдегі алуан түрлі жағдайларда болған адамзатқа деген жолдауларын жазған кезде, Құдай оларды қателік жасаудан сақтап отырған. Көптеген жылдар бұрын Құдайдың жетелеуімен жазылған осы жазбалар бір кітапқа – Киелі Кітапқа біріктірілді.

«Себебі бұл пайғамбарлық сөздер ешқашан адам баласының қалауымен пайда болған емес. Қайта Киелі Рух Құдайға бағышталған адамдарға Оның хабарларын айтуға қозғау салып отырды» (Пет2 1:21).

Киелі Кітаптың әрбір сөзі шындық. Ол тарихи және ғылыми тұрғыдан расталған. Нақты бір халықтар мен белгілі адамдарға қатысты айтылған оның жүздеген пайғамбарлық сөздерінің дәлме-дәл орындалуы шын мәнінде Құдай Сөзі болып табылатындығын дәлелдейді. Біз осы кітаптың Иса туралы айтқандарына сене аламыз.

Тапсырма

- 1** Төменде берілген пікірлердің үшеуі Киелі Кітап авторларының барлығына ортақ. Дұрыс жауаптарды шеңбермен қоршаныз.
 - а)** Олар бір уақытта өмір сүрді.
 - ә)** Олар тек бір Құдайға табынды.
 - б)** Олар көптеген құдайларға табынды.
 - в)** Олар Құдайдан жолдаулар алып отырды.
 - г)** Олар жазғылары келгеннің бәрін жазды.
 - ғ)** Құдай оларға жаз деп бұйырғанды жазды.
 - д)** Өз кітаптарында олар қателер жіберіп отырды.

2 Біз бұл кітапта Иса туралы айтылғандардың растығына қатысты жазылған Киелі Кітап сөздеріне сене аламыз, өйткені Киелі Кітап:

- а)** алуан түрлі ақиқаттарға толы.
- ә)** шағын кітаптардың жинағы болып табылады.
- б)** Құдайдың шынайы жолдауы болып табылады.



Киелі Кітаптың тақырыбы

Әр түрлі уақытта әр қилы авторлар 1 600 жыл бойы жазған алпыс алты кітап бір жазбаға неліктен жинақталды? Өйткені осы кітаптардың барлығының өзегінде бір тақырып жатыр. Осы кітаптар бірлесе отырып, бір суреттің әр түрлі бөліктерін көрсетеді. Тарихи кітаптар, заң кітаптары, Забур жырлары, пайғамбарлық сөздер, өмірбаяндар мен тәжірибелік насихаттар – осылардың барлығының бір ортақ тақырыбы бар. Бұл – сүйіспеншілігі мол Құдайдың күнәкар адамзатты құтқаруы.

Киелі Кітаптың екі бөлігі де – Көне Келісім және Жаңа Келісім де – адамның Құтқарушыға деген мұқтаждығын және Құдайдың Исаны Құтқарушы болады деп жоспарлап қойғанын көрсетеді. Иса дүниеге келгенге дейін жазылған Көне Келісімде Ол туралы көптеген пайғамбарлық сөздер бар. Жаңа Келісім Құтқарушының бізге қалай келгендігі туралы және біздің Ол арқылы қалай құтқарыла алатындығымыз жөнінде айтып береді. Адамзатты құтқару болып табылатын бүкіл Киелі Кітаптың тақырыбы – күллі адамзаттың Құтқарушысы Исаға келіп шоғырланады.

Тапсырма

3 Киелі Кітаптың тақырыбы – адамзат үшін ... арқылы құтқарылу болып табылады.

- а)** ең жақсы заңдар
- ә)** Құтқарушы Иса

- б) жақсы қоршаған орта
- в) жетілдірілген дін

4 Төмендегі сипаттамалардың алдына сәйкес келетін бөлімнің санын жазыңыз.

- | | | |
|-------|--|--------------------|
|а | Құтқарушының қалай келгендігін айтады. | 1) Көне Келісім |
|ә | Құтқарушының өмірі туралы және Оның бізді қалай құтқара алатындығы туралы айтады | 2) Жаңа Келісім... |
|б | Құтқарушының келуі туралы көптеген пайғамбарлық сөздерге толы. | |



Жаңа Келісімдегі Иса туралы жазбалар

Жаңа Келісім бізге келесі мәліметтерді береді:

1. Исаның өмірі мен Оның тәлімдері.
2. Ол құрған Қауым.
3. Исаның соңынан еру туралы берілген нұсқаулар.
4. Исаның қайтып келуіне қатысты келешектегі оқиғалар

Біз Жаңа Келісімнің шындығына арқа сүйей аламыз. Құдай оны жазуға тиісті адамдарды таңдап алып, оларды Өзінің Рухымен жетелеп отырды. Жаңа Келісімнің фактілерінің растығын үш жағдай қамтамасыз етеді: 1) Құдаймен рухтану, 2) авторлардың өз көзімен көргендері туралы куәліктер және 3) фактілерді жүйелі түрде зерттеу.

Матай, Марқа, Лұқа және Жохан өздерінің аттарымен аталған Інжілдерді жазды. Бұл – Жаңа Келісімнің алғашқы төрт кітабы. Біз оларды Інжіл деп атаймыз, өйткені «інжіл» деген сөз «ізгі хабар» дегенді білдіреді. Исаның бізге мәңгілік өмір беруге келгендігі туралы айтатын ізгі хабар – бұл әлемдегі хабарлардың ішіндегі ең жақсысы, ең тамашасы.

Біз адамдарды әр түрлі тұрғыдан танимыз. Өзіңіз танитын бір адамды қарастырсаңыз болады. Біреу үшін ол – көрші, ал тағы басқа біреу үшін – дос, басқа адамдар үшін ол – күйеу, әке және қызметкер. Барлық адамдар сол адам туралы жазатын болса, әр адамның сол кісі туралы өз тұрғысына сай көзқарасы болады және ол соған көбірек назар аударады.

Құдай Матай, Марқа, Лұқа мен Жоханды Иса туралы Ізгі хабарды әр түрлі көзқарас тұрғысынан жазып шығуға рухтандырды.

- Матай Исаны бізге Патша, яғни әлемді әділдігімен басқаратын Дәуіт патшаның Ұрпағы ретінде көрсетеді.
- Марқа Исаны біздің күнәларымыз үшін өлуге келген, көнекелісімдік пайғамбарлықта суреттелген, азап шегуші Қызметші ретінде сипатталған, Құдайдың еркін орындаушы Құл ретінде көрсетеді.
- Лұқа, грек дәрігері, бізге Исаны Адамның Ұлы – адам нәсілінің кемелденген өкілі және бүкіл адамзатты ауруларынан сауықтырушы ретінде көрсетеді.
- Жохан өзінің Ізгі хабарын Исаны Құдайдың Ұлы, адамзаттың Құтқарушысы ретінде көрсету үшін жазады.

Жоханның кітабы – өзі жақсы білетін, жақын араласқан адамның өмірін баяндау болып табылады. Жохан өзінің алдына Исаның кім екенін дәлелдеп көрсетуді мақсат етіп қойған куәгер ретінде жазады. Оның мақсаты: өзінің жазғанын оқығандардың барлығын осы Иса атты адамның жай қарапайым адамнан әлдеқайда жоғары екеніне – Оның адам бейнесінде келген Құдай екеніне иландыру болып табылады. Ол Исаға сенетіндердің барлығының мәңгілік өмір иеленетінін мәлімдейді. Бұл ұлы жариялау – шындықтан әлдеқайда жақсы хабар. Алайда Киелі Кітапта Исаның өзге ізбасарларының Ол туралы жазғандарын оқыған сайын олардың барлығының өзара келісімде үйлесіп

тұрғанын көреміз. Олардың Иса туралы айтқандары шындық болып табылады.

Матай мен Жохан – Исаның қызмет ету кезеңінде Онымен үш жыл бірге болған он екі шәкірттің екеуі. Олар өз көздерімен көрген, Иса жасаған кереметтерді баяндап, Ол үйреткендердің бір бөлігін жазды және Оның өлімі мен қайта тірілгенін өз көздерімен көргендері туралы әңгімеледі. Жохан Исаның Құдай екендігіне дәлелдемелер келтіріп, Оған сенім артудың маңыздылығын атап кетеді. Матай Исаның шәкірті болардан бұрын ресми құжаттармен жұмыс істеген. Ол әр қадам сайын Исаның Көне Келісімнің пайғамбарлары жазған Патша болып табылатынының дәлелдемелерін келтіріп отырады. Ол пайғамбарлық сөздерден үзінділер келтіріп, олардың орындалғанын көрсетеді, Исаның патша тегінен шыққанын қарастырып, Оның Патшалығының қағидаларын суреттейді.

ЕСКЕРТУ: Біз қызмет деген терминді жиі қолданамыз. Бір жағынан, қызмет дегеніміз діни ұйымның жұмысы немесе әрекеті. Тағы бір мағынасы бар: біреудің қарапайым жұмысы. Дін басылары сияқты діни жұмысшы немесе қоғам қайраткері де қызметші болуы мүмкін. Кейбір елдердің үкіметтерінде мемлекеттік мекеме қызметкерлері болады. «Исаның қызметі» дегеніміз – бүкіл адамзаттың пайдасы үшін Оның атқарған ісі.

Марқа Иса қызмет еткен уақытта Иерусалимде өмір сүрген жас адам болатын. Ол Исаның уағыздарын тыңдаған тобыр арасында болып, Оның жасаған кереметтерін көрген және Оның айқыш ағашқа шегеленуіне куә болса керек. Кейінірек Марқа Петірмен (Исаның шәкірттерінің бірімен) тығыз байланыста болған және оның Ізгі хабарында баяндалған кейбір оқиғаларды содан естуі әбден ықтимал.

Лұқа, дәрігер, Иса туралы ақпаратты мұқият зерттеп шықты. Өзінің беделді бір досына Исаның өмірінің дәл суреттемесін беру және Оның қауымының өсуін көрсету үшін екі кітап (Лұқа жазған Ізгі хабарды және Елшілердің істерін) жазған. Исаның керемет туылуын, өмірін, өлімі мен қайта тірілуі туралы оқиғаларды егжей-тегжейлі зерттеу үшін Лұқа Мәриямнан (Исаның анасы) және басқа да көптеген адамдардан Ол жайында сұрастырған. Ол Исаның ауруларды сауықтыруының көптеген фактілерін тексеріп, болған жайтты баяндап берді.

Жаңа Келісімнің қалған кітаптарының авторлары – Петір, Жақып, Яһуда және Пауыл – олар да бұл жөнінде айтарлықтай хабардар адамдар болған. Петір Исамен бірге Оның шәкірті ретінде үш жыл уақытын өткізді. Жақып пен Яһуда Исаның туған бауырлары болатын. Пауыл Иса мен Оның ізбасарларының қас дұшпаны болған. Алайда ол кейін Исаны кездестіріп, осы кездесу оның өмірін толығымен өзгертті. Сол сәттен бастап Пауыл өз өмірін Иса туралы ізгі хабарды жариялаумен өткізді.

Құдайдың Киелі Рухы осы адамдарға өздерінің Иса туралы білгендерін бізге арнап жазуға қозғау салып отырды. Олардың барлық жазбалары бірімен бірі үйлеседі. Өздерінің жеке тәжірибесінен олар біздің де Исаны қалайша танып-біліп, Ол бізге сыйлайтын тамаша өмірден қалай ләззат ала алатындығымыз жайлы әңгімелейді. Жохан мұны былайша түйіндейді:

«Сендер бізбен байланыста болсын деп, өзіміз көріп, естігеніміз туралы хабар беріп отырмыз. Осылай бәріміз Әкемен және Оның рухани Ұлы Иса Мәсіхпен байланыстамыз» (Жох 1 1:3).

Тапсырма

- 5** Жоханның 1-хатының 1:3 аятын жаттап алыңыз.
- 6** Жаңа Келісімдегі Исаның өмірін баяндау ... болып табылады.
- а)** Оны жақыннан танып-білген немесе Онымен тығыз байланыстағы адамдардан мәліметтер алып жазылған жазба
 - ә)** бірінші ғасырда өмір сүрген халық қаһарманы туралы аңыздар мен идеялардың жинағы
 - б)** жазбаша баяндалған сәтке дейін ұрпақтан ұрпаққа ауызекі айтып жеткізу дәстүрі бойынша беріліп келген әңгіме
- 7** Төменде бірқатар мәлімдемелер берілген. Киелі Кітаптың Иса туралы айтқандарына сенім артуымызға болатын себептерді көрсететін ақиқаттың тұсында тұрған әріпті шеңберлеп белгілеңіз.
- а)** Киелі Кітапта баяндалған оқиғалардың көпшілігі көп жылдар бұрын Таяу Шығыста болды.
 - ә)** Ізгі хабарды Исаны жақыннан танып-білген немесе Оны жақын таныған адамдардан мәліметтер алған кісілер жазған.
 - б)** Киелі Кітаптың барлық авторларын Құдай рухтандырған.
 - в)** Киелі Кітапта Забур жырлары, тарихи кітаптар және заң кітаптары бар.
 - в)** Киелі Кітаптағы жүздеген пайғамбарлық сөздер орындалды.
-

Ә. ИСАНЫҢ КІМ ЕКЕНІН ЖЕКЕ ТӘЖІРИБЕЛЕРІМІЗ КӨРСЕТЕДІ

Мақсат 2. Исаның кім екенін жеке тәжірибелерімізден қалай біле алатынымызды талқылаңыз.

Иса – тірі, сондай-ақ сіз Оны жақыннан танып-біле аласыз!
Бұл – Ізгі хабардың бір бөлігі. Адамдар арасында баяғыда істегендерін Иса қазір де істеп жатыр.

Басқа адамдардың тәжірибесі

Сіз Исаны жақыннан танып-білетін біреуді білесіз бе? Бұл дегеніміз – тек Иса туралы біліп қоюдан немесе мәсіхшілер қауымының мүшесі болудан әлдеқайда жоғары. Исаны жақын білуі адамның өмірін түбегейлі өзгертеді. Бүгінгі күні миллиондаған адамдар Исамен тығыз байланыста, Оны жақыннан таниды. Олар Иса туралы сізбен бөлісуге дайын. Олардың кейбірі былай дейді:

- Мен бұрын барлық адамдарды жек көретінмін, бірақ Иса менің өміріме келгенде, Ол мені өзгертіп жіберді. Қазір мен адамдарды жақсы көремін әрі оларға көмек бергім келіп тұрады.
- Бұрын менде адам шошырлықтай кінәлілік сезімі болатын, алайда Исадан менің күнәларымды кешіруін өтінгенде, Ол сол кінәлілік сезімін менің өмірімнен алып тастады. Ол маған қуаныш, тыныштық және таза ар-ұждан берді.
- Иса мені азапқа салған қорқыныштардан босатты. Ол маған мәселелерден қашпай, оларды шешуге ерлік пен қажыр-қайрат береді.
- Иса маған өмірімнің мағынасы мен мақсатын айқындап берді.
- Исадан менің барлық мәселелерімнің жауабын аламын. Мен мінажат арқылы барлық мәселелерімді Оның қолына

беремін. Ол маған не істеу керектігімді көрсетіп, менің мұқтаждықтарымды қамтамасыз етіп отырады.

- Бұдан былай мен жалғыздықты сезінбеймін, өйткені Иса әрқашан да менімен бірге.
- Мен есірткіге тәуелді болдым, алайда мен өз өмірімді Оған сеніп тапсырғанда, Иса мені есірткіге тәуелділіктен арылтты.
- Иса менің мінажаттарыма жауап бере отырып, мені талай рет сауықтырды.

Осы куәліктер және бүгін де Исаны жақыннан танып-білетін басқа адамдардың мындаған куәліктері Құдайдың айтқандарының ақиқаттығын көрсетіп отыр:

«Иса Мәсіх өткенде, қазір және болашақта мәңгілік Өзі болып қала береді» (Евр 13:8).

Тапсырма

- 8** Еврейлерге арналған хаттың 13:8 аятын жаттап алыңыз.
- 9** Не туралы ойланып-толғанған жөн: Егер сіз жоғарыда куәлік берген кісілерге ұқсас адамдардың Исамен қарым-қатынастары туралы бөліскенін ести қалсаңыз, не ойлар едіңіз? Сіздің де Исаны білгіңіз келер ме еді? Осы куәліктер сізді Исамен қарым-қатынасыңыз мәселелеріңізді шешуге көмектесе алар еді-ау деген ойға жетелей ме?



Сіздің өз тәжірибеңіз

Исаның кім екенін білудің ең жақсы тәсілі қандай? Сіз Киелі Кітапты оқи отырып, Ол туралы көп нәрсе біле аласыз. Одан сіз Исаның өмірін және Оның тәлімдерін табасыз. Сіз Оның әлемге неліктен келгенін және Оның сіз үшін не істегенін біле аласыз. Киелі Кітап сізге Оның қазір не істеп жатқанын және сіз үшін болашақта не істейтінін айтып береді. Сіз Иса туралы

басқалардың тәжірибесінен біле аласыз. Иса жерде өмір сүрген сол заманнан бастап осы сәтке дейін Өзін шын мәнінде білгісі келетіндерге Өзін ашатыны байқалып келеді. Алайда сіздің өзіңіздің жеке өміріңізде Оны жақыннан танып-біліп және Киелі Кітапта Ол туралы айтылғандардың шындық екендігіне өз тәжірибеңізде көз жеткізуіңіз – осы тәсілдердің ішіндегі ең жақсысы.

Бәлкім сіз Иса жөнінде осы жарық дүниеге келгеннен бері білетін шығарсыз, әлде сіз ол туралы мүлдем білмей келген боларсыз. Бәлкім сіз Оны білетін де шығарсыз және Оны сүйетін де шығарсыз немесе Исаны жақыннан танып-білген кезде өмірі өзгеріп шыға келген, Исаның қас дұшпаны болған Пауыл сияқты Інжілге қарсы тұратын шығарсыз. Сіздің Иса туралы біліміңізге және сіздің Оған көзқарасыңызға қарамастан, осы сабақтар сізге Оны өз өміріңізде жақынырақ танып-білуіңізге көмектесу үшін жазылған. Сонымен қатар осы оқулықты зерттеу барысында, сіз Исамен достықтан келетін керемет олжаларға ие боласыз деп сенеміз және сол үшін мінажат етеміз.

Тапсырма

- 10** Төменде берілген мәлімдемелерден Исаның кім екенін білудің ең жақсы тәсілін көрсететін үшеуін таңдап алыңыз. Олардың тұсында тұрған әріпті қоршаңыз.
- а)** Ол туралы Киелі Кітаптың не айтатынын оқып білу.
 - ә)** Ол туралы өзге діндердің не айтатынын оқып білу.
 - б)** Әр түрлі діндердің тәлімдерін салыстыру
 - в)** Оны жақыннан танып-білетін адамдар үшін Исаның не істегені жайында куәліктер тыңдау.
 - г)** Исаны жақыннан тану.
 - ғ)** Исаның қарсыластары не айтатынын тыңдау.



Өзіңіздің жауаптарыңызды тексеріңіз

Сіздің тапсырмаларыңыздың жауаптары реттілік бойынша берілмеген. Бұл келесі сұрақтарға берілген жауаптарды сіздің алдын-ала көріп қоймауыңыз үшін жасалған. Керекті жауаптың санын іздеп тауып, басқа жауаптарға қарамауға тырысыңыз.

- 4** а) 2) Жаңа Келісім.
ә) 2) Жаңа Келісім.
б) 1) Көне Келісім.
- 1** ә) Олар тек бір Құдайға табынды.
в) Олар Құдайдан жолдаулар алып отырды.
ғ) Құдай оларға жаз деп бұйырғанды жазды.
- 6** а) Оны жақыннан танып-білген немесе Онымен тығыз байланыстағы адамдардан мәліметтер алып жазылған жазба.
- 2** б) Құдайдың шынайы жолдауы болып табылады.
- 7** Барлық мәлімдемелер дұрыс. Солай бола тұрса да, **ә**), **б**) және **г**) пайымдаулары Киелі Кітаптың Иса туралы айтқандығына сіздің неліктен сене алатыныңыздың себептерін келтіреді.
- 3** ә) Құтқарушы Иса
- 10** а) Ол туралы Киелі Кітаптың не айтатынын оқып білу.
в) Оны жақыннан танып-білетін адамдар үшін Исаның не істегені жайында куәліктер тыңдау.
г) Исаны жақыннан тану.